# Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, Оны айтуға табиғаттың үні жоқ

# Су тіршілік көзі......

# Ойынның өтілу тәртібі:

1. **Ойынға екі топ қатысады, әр топтың жетекшісі сайланады.**
2. **Топтың атауы, ұраны болады.**
3. **Бірінші кезең – топтардың өздерін таныстыру сайысы**
4. **Екінші кезең – топ басшылар сайысы**
5. **Әр топқа ойын барысында тапсырмалар беріледі.**



- I – кезең. Таныстыру
- II – кезең. Топ басшылар сайысы
- III – кезең. Дода
- IV – кезең. Мақал-мәтелдер сайысы
- V – кезең. "Ең ерекше" сайысы

# I - кезең

***Әр топ өздерін таныстырады: топтың  атын атайды, ұрандарын айтады.***



# II - кезең

# **Топ басшылар сайысы**

Әр топ басшысына 7 сұрақтан беріледі. Жауап: "иә" немесе "жоқ" Әр дұрыс жауап **1** ұпаймен есептеледі



1 топқа 7 сұрақ

1. Гидросфера – Жер шарының су қабығы бола ма?




Иә

# 2. Су әр түрлі агрегаттық күйде бола ала ма?




Иә

3. Дүние жүзінде 6 мұхит бары дұрыс па?




Жоқ

# 4. Су қатқан кезде оның көлемі ұлғая ма?




Иә

# 5. Су табиғатта таза күйінде бола ма?




Жоқ

# 6. Судың келесі молекулалық формуласы дұрыс па: $H_2O_2$?




Жоқ

# 7. Атлант мұхиты Солтүстік мұзды мұхитынан кіші ме?




Жок

**II-топқа** **7 сұрақ**

**1. Теңіздер мұхиттың құрамдас бөлігіне жата ма?**




Иә

# 2. Суды қатыру үшін жылу жұмсала ма?




Жоқ

# 3. Мұхиттардың су тұщы ма?




Жок

4. Көлдердің дүниежүзілік мұхиттармен тікелей байланысы бар ма?




Жоқ

# 5. Ангара өзені Байкал көліне құя ма?




Жоқ

**6. Каспий теңізі Қазақстан территориясында орналасқан ба?**




Иә

# 7. Өзендер мұхиттардан бастау ала ма?




Жок

# III - кезең

# **Дода**

**Бұл кезеңде оқушылар өздері қалаған жәшікті таңдап, сондағы сұраққа жауап береді. Дұрыс жауап берсе сондағы ұпайды өз тобына алады. Егер дұрыс жауап бере алмаса , сұрақ келесі топқа көшеді.**

# III - кезең

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 - қатар | 20 | 30 | 40 |
| 2 - қатар | 20 | 30 | 40 |
| 3 - қатар | 20 | 30 | 40 |
| 4 - қатар | 20 | 30 | 40 |

Мұхиттың, теңіздің немесе көлдің құрлыққа сұғына еніп жатқан құрамдас бөлігін не деп атайды?



# Шығанақ



**Әр түрлі су айдындарын жалғастыратын және құрлықтың жеке бөліктерін бөліп жатқан, жіңішке су кеңістігін не деп атайды?**



**Бұғаз**



**Табиғи қазан-шұңқырда, ойыста орналасқан су айдынын не деп атайды?**



# Көл



# Байкал көлі қай елде, қай жерде орналасқан?



Ресейде, Сібір жерінде



Өзен жүйесі суын жинайтын аумақты не деп атайды?



**Өзеннің су жинау алабы**



# Балхаш көлі қай облыстың жерінде орналасқан?



Алматы облысында



# Неге балықтар су астында тұншықпайды?



Өйткені олар судағы оттекпен демалады.



# Арал теңізі қай облыстың жерінде орналасқан?



# Қызыл-Орда облысында



Тұрақты арнасы бар, су жинау алабына түсетін жауын-шашын және жер асты суларымен толығып отыратын ағын суды не деп атайды?



# Өзен



# Гидросфераны және онның құрамдас бөліктерін зерттейтін ғылымды не деп атайды?



# Гидрология



“Гидросфера” – сөзі грек тілінен аударғанда қандай мағына береді?



“гидро”- су,
“сфера”- шар



# Адам ағзасында қанша пайыз су бар?



# 65 – 70%



# IV - кезең

# “ Мақал-мәтелдер” сайысы

**Бұл кезеңде оқушылар су туралы мақал – мәтелдер бойынша сайысады. Ол үшін олар 8 ұяшықтын ішінен кез келгенін таңдап, сол ұяшықтағы мақал – мәтелді әрі қарай жалғастырып айтады. Ойлануға 30 секунд уақыт беріледі. Егер оқушылар жауап бере алмаса, сұрақ келесі топқа көшеді. Әр дұрыс жауапқа 10 ұпайдан беріледі.**

3

2

4

1

8

5

7

6

Сөз атасы – құлақ,

Су атасы - . . .



... бұлақ

Адамзатты сөз бұзар,

. . .



# Тау мен тасты су бұзар

# Судында -



... сұрауы бар

Таулы жер бұлақсыз болмас, . . .



**Сулы жер құрақсыз болмас**

# Бір тамшы су- ...



. . . - жерге пайда

# Қар мол болса, дән көп

. . .



# Су көп болса, ну көп

# Батыр туса – ел ырысы,

. . .



# Жаңбыр жауса, жер ырысы

# Бұлақ көрсең - . . .



**. . . - көзін аш**

# V - кезең

# «Ең, ерекше ...» сайысы

Бұл кезеңде оқушылар дүниежүзіндегі суға, мұхиттарға байланысты ең, ең... деген сұраққа жауап береді.. Ол үшін тақтада оқушыларға осы сұрақтар жазылған кесте беріледі. Әр топтан кезекпен оқушылар тақтаға шығып, сұрақтарға жауап беру арқылы кестені толтырады. Кестені толтырып болғаннан кейін оның дұрыстығы тексеріліп, әр дұрыс жауапқа 1 ұпайдан беріледі.

**Қорытынды:** Сайыс сабағымызды табиғат туралы келесі өлең шумағымен аяқтаймыз:

Табиғат сен тіршіліксің тұнып тұрған!
Сен күнсің, көтерілген күліп қырдан!
Сен көлсің, сен ормансың, сен бұлақсың!
Адамды сұлулыққа құныктырған!

**Адамзат - болашақта бейбіт таза, ғаламшарда өмір сүруі тиіс. Демек ғаламшардың қауіпсіздігі – біздердің қолымызда!**